

**Сақтандыру тарифі бойынша жеңілдік беру үшін
«Қарызды сақтандыру», «Жобалық қаржыландыруды сақтандыру», «Қаржы лизингін
сақтандыру» өнімі бойынша қорытындыны қалыптастыру үшін Клиенттен
сұратылатын қажетті құжаттардың тізбесі**

№ р/с	Атауы	Ескертпе
1	I және II санаттағы объектілер үшін кешенді экологиялық рұқсат (және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның Интернет-ресурсына сілтеме) (жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне қолданылатын шаруа немесе ферма қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын объектілерден басқа	көшірмесі **
2	ISO 14001 сертификаты (қолданыстағы мерзіммен және оның жыл сайынғы тексеру аудитімен).	көшірмесі **
3	Уәкілетті орган бекіткен компанияның «жасыл кеңсе» тұжырымдамасы немесе бағдарламасы	көшірме**/ электрондық құжат
4	Уәкілетті орган бекіткен, Қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ) саласындағы стратегия немесе саясат	көшірме**/ электрондық құжат
5	Қоршаған ортаның ластануына немесе экологиялық залал келтіруге әкеп соққан объектіде болған апаттар мен инциденттер туралы мәліметтері бар клиенттен ҚОҚ саласындағы қадағалау органдары тарапынан ағымдағы айыппұлдар/сот ұйғарымдары/нормативтен тыс төлемдер/санкциялар бойынша, әлеуметтік экологиялық және экономикалық залалы елеулі (қоғамдық резонанс тудырған) апаттар немесе инциденттер бойынша, соңғы үш жылдағы даулы экологиялық жағдайлар туралы өтініш, оның ішінде компанияның ашық кеңістіктегі ресми түсініктемелеріне немесе олардың жоқтығына сілтемелер.	көшірмесі**
6	Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары - қамту саласы 1, 2, қамту саласы 3 - егер қолданылса, уәкілетті орган бекіткен	көшірме**/ электрондық құжат
7	Уәкілетті органдар соңғы бес жылда қызметтің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілері (ESG-факторлар) бойынша Қарызды/қаржылық лизингті/жобалық қаржыландыруды сақтандыруға өтініш берушінің сауалнамасында көрсетілген есептеу формуласына сәйкес есеппен тіркеген жазатайым оқиғалар болған/болмаған кездегі ақпарат (аумақтық бөлімше еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық жүйеде (2024 жылғы 31 қаңтардағы № 21 Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеу және есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы актілер)	көшірмесі**
8	соңғы бес жылда қызметтің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілері (ESG-факторлар) бойынша Қарызды/қаржылық лизингті/жобалық қаржыландыруды сақтандыруға өтініш берушінің сауалнамасында көрсетілген есептеу формуласына сәйкес есеппен еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтумен жарақаттардың болуы/болмауы туралы ақпарат	көшірмесі**

9	Ұйымның уәкілетті органы бекіткен қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру бағдарламалары немесе қағидалары.	көшірме**/ электрондық құжат
10	Ұйымның уәкілетті органы бекіткен соңғы үш жылдағы кадрлар айналымының орташа коэффициенті туралы ақпарат	көшірме**/ электрондық құжат
11	Соңғы үш жылдағы ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасының болуы туралы ақпарат	көшірме**/ электрондық құжат
12	Қызметкерлерге арналған материалдық көмек бағдарламасының болуы туралы ақпарат және т. б.	көшірме**/ электрондық құжат
13	Тұрғын үймен қамтамасыз етудің корпоративтік бағдарламасының болуы туралы ақпарат	көшірме**/ электрондық құжат
14	Жедел желінің болуы туралы ақпарат және / немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және адам құқықтарын қорғау туралы мәселелерді реттейтін құжат	көшірме**/ электрондық құжат
15	Мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес мүгедектігі бар қызметкерлерді жұмысқа орналастыруға қатысты компанияның саясаты туралы ақпарат	көшірме**/ электрондық құжат
16	Соңғы үш жылдағы басшылар арасындағы әйелдердің үлесі (гендерлік теңдік мәселелерін регламенттейтін нормативтік құжаттардың болуы) туралы ақпаратты бөле отырып, штат саны туралы ақпарат	көшірме**/ электрондық құжат
17	Қайырымдылық қызмет және еріктілер қозғалысы туралы бағдарламалар	көшірме**/ электрондық құжат
18	Соңғы үш жылда қатысу аймақтарын әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған жобалар туралы ақпарат (мысалы, мектептер, ауруханалар, жолдар салу, аз қамтылғандарға көмек көрсету және т.б.). Егер қатысатын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына инвестициялар тұрақты сипатта болса және біржолғы іс-шаралар емес, кешенді бағдарламаның бөлігі болып табылса, бағдарламаның сипаттамасын, ағымдағы жылғы бағдарламаға арналған шығыстарды және жақын болашаққа арналған жоспарлардың қысқаша сипаттамасын ұсынуды өтінеміз.	көшірме**/ электрондық құжат
19	Тәуекелдерді басқару жүйесіне, тәуекелдерді бағалау әдістемесіне және тәуекелдерді басқару рәсімдеріне қатысты құжаттар	көшірмесі**
20	Соңғы үш кезеңдегі қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің қаржылық есептілігі (бухгалтерлік баланс, пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, тауарлар мен қызметтерді іске асыру туралы есеп (тауарлар/қызметтер, контрагенттер, елдер атауының бөлінісінде) немесе соңғы екі аяқталған кезеңдегі (бар болса) қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің аудиттелген қаржылық есептілігі	көшірмесі***

Клиент Қоғамға ұсынылатын деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік көтереді

** Егер өтініш Simbase арқылы жіберілсе, онда ЭЦҚ арқылы қол қойылған электрондық өтініш қана пайдаланылады.*

*** Компанияның уәкілетті тұлғасы қол қойған және мөрмен расталған құжаттардың түпнұсқаларынан сканерленген көшірмелер.*

**** Егер аталған есептілік құжаттардың негізгі пакетіне енгізілген болса, онда осы тармақ бойынша көшірмелерді қайталануға жол бермеу үшін сақтандыру деректеріне беру талап етілмейді.*

Қажет болған жағдайда Сақтандырушыдан осы тізбеде көрсетілмеген қосымша құжаттар және (немесе) Құпиялылық және ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қою сұратылуы мүмкін.